Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен
келісілген
Төраға (Төрағаның орынбасары) ___________
«21» 06 2010 жыл

«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының
Жарғысына № 4 өзгерістер мен толықтырулар

«Казкоммерцбанк» АҚ
Акционерлерінің Жалпы жиналысымен
Бекітілген
2010 жылғы 24 мамырдағы хаттама

Қазақстан Республикасы

2-жағын қара

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты «Казкоммерцбанк» АҚ (бұдан әрі – «Банк») Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Банк Жарғысының 1-бабының (9) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«(9) Банктің қызметі туралы ақпаратты жария ету үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдары, - корпоративтік веб-сайт. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында қосымша баспасөз басылымдарында жария ету талап етілсе – «Казахстанская правда» және/немесе «Деловой Казахстан» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттері. Банк қосымша Банк қызметі туралы ақпаратты өз қарауына қарай өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуге құқылы.».

2. Банк Жарғысының 10.2-тармағы келесі редакциядағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:
«17-1) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;».

3. Банк Жарғысының 10.10-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«10.10. Әрбір акционер акционерлердің Жалпы жиналыстарына жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаты бар өкіл арқылы қатысуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай құқығы жоқ тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде бола алмайды.».

4. Банк Жарғысының 11.2-тармағының 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, сондай-ақ банктің аралық (тоқсан сайынғы) қаржылық есептілігін бекіту;».

5. Банк Жарғысының 11.2-тармағының 9) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«9) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;»;

6. Банк Жарғысының 11.2-тармағының 14) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«14) банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Банкке тиесілі болатын заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;».

7. Банк Жарғысының 11.3-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«11.3. Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Банк Басқармасының шешуіне берілуі мүмкін емес. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Директорлар кеңесі, осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне немесе Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.».

8. Банк Жарғысының 12.4-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«12.4. Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ Банк Басқарма мүшесімен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. Банк атынан Банк Басқармасы Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе

осыған акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Банктің Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Банк атынан Банк Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.».

9. Банк Жарғысының 12-1.2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«12-1.2. Ішкі аудит қызметі Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.».

10. Банк Жарғысының 13.4-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«13.4. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 19-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым оларда ұсынылған мәліметтердің шынайылығын растап, Банк Акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін Банк уәкілетті органмен келісіп, Ұлттық Банк белгілеген тәртіпте және мерзімде жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін, сондай-ақ аудиторлық есебін жариялайды.
Банк тоқсан сайын аудитордың растамасынсыз уәкілетті органмен келісіп, Ұлттық Банк белгілеген тәртіпте және мерзімде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығындар туралы есебін жариялап отырады.».

11. Банк Жарғысының 15.1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«15.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістердің нәтижесінде осы Жарғының жекелеген ережелері заңнамаға қайшы келіп қалса, мұндай ережелер Жарғыға тиісті өзгерістерді енгізбестен автоматты түрде өзінің заңды күшінен айырылады. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелерге қатысты болмайды. Жарамсыз ереже заң тұрғысынан рұқсат етілген және тиісті қатынасты реттейтін ережеге ауыстырылады.».

**Банк акционерлерінің атынан**

**Жусупова Нина Ароновна**

Жусупова Нина Ароновна

2-жағын қара

**Согласовано**
**с Агентством Республики Казахстан**
**по регулированию и надзору**
**финансового рынка и финансовых организаций**
**Председатель (Заместитель Председателя)** ____________
**«21» 06 2010 года**

# Изменения и дополнения № 4 в Устав Акционерного общества «Казкоммерцбанк»

**Утверждены**
**Общим собранием Акционеров**
**АО «Казкоммерцбанк»**
**протокол от «24» мая 2010 года**

**Республика Казахстан**

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

В связи с внесением изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан от 13.05.2003 года № 415-II «Об акционерных обществах» внести в Устав АО «Казкоммерцбанк» (далее – «Банк») следующие изменения и дополнения:

1. Подпункт (9) статьи 1 Устава Банка изложить в следующей редакции:
«(9) Средства массовой информации, используемые для публикации информации о деятельности Банка, - корпоративный веб-сайт. Если дополнительно законодательством Республики Казахстан требуется публикация в печатных изданиях – газеты «Казахстанская правда» и/или «Деловой Казахстан» и/или «Егемен Казахстан». Дополнительно Банк вправе публиковать информацию о деятельности Банка в иных средствах массовой информации по собственному усмотрению.».

2. Пункт 10.2. Устава Банка дополнить подпунктом 17-1) в следующей редакции:
«17-1) принятие решения о добровольном делистинге акций Банка;».

3. Пункт 10.10. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«10.10. Каждый акционер имеет право присутствовать на Общих собраниях Акционеров лично или через представителя, имеющего доверенность, оформленную в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Представителями акционеров на Общем собрании Акционеров не могут быть лица, не имеющие такого права в соответствии с законодательством Республики Казахстан.».

4. Подпункт 5) пункта 11.2. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Банка, а также утверждение промежуточной (ежеквартальной) финансовой отчетности Банка;».

5. Подпункт 9) пункта 11.2. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«9) определение количественного состава, срока полномочий Службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы Службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников Службы внутреннего аудита;».

6. Подпункт 14) пункта 11.2. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«14) принятие решения о приобретении Банком десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц, а также принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Банку;».

7. Пункт 11.3. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«11.3. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета Директоров Банка, не могут быть переданы для решения Правлению Банка. Помимо вопросов, отнесенных к исключительной компетенции Совета Директоров, Совет Директоров вправе принимать решения по вопросам, отнесенным к его компетенции решениями Общего собрания Акционеров или внутренним нормативными документами Банка, за исключением вопросов, которые в соответствии с настоящим Уставом отнесены к исключительной компетенции

Общего собрания Акционеров или к компетенции Правления Банка, а также решений, противоречащих решениям Общего собрания Акционеров.».

8. Пункт 12.4. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«12.4. Функции, права и обязанности члена Правления Банка определяются Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», иными законодательными актами Республики Казахстан, настоящим Уставом, а также трудовым договором, заключаемым Банком с членом Правления Банка. Трудовой договор от имени Банка с Председателем Правления Банка подписывается Председателем Совета Директоров Банка или лицом, уполномоченным на это Общим собранием Акционеров или Советом Директоров Банка. Трудовой договор от имени Банка с остальными членами Правления Банка подписывается Председателем Правления Банка.».

9. Пункт 12-1.2. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«12-1.2. Служба внутреннего аудита является самостоятельным структурным подразделением Банка. Служба внутреннего аудита подотчетна Совету Директоров.».

10. Пункт 13.4. Устава Банка изложить в следующей редакции:
«13.4. Банк публикует годовую консолидированную финансовую отчетность, а также аудиторский отчет в порядке и сроки, установленные Национальным Банком по согласованию с уполномоченным органом, после подтверждения аудиторской организацией, соответствующей требованиям пункта 4 статьи 19 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», достоверности представленных в них сведений и утверждения финансовой отчетности годовым Общим собранием Акционеров Банка.
Банк ежеквартально публикует бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, соответствующие международным стандартам финансовой отчетности, в порядке и сроки, установленные Национальным Банком по согласованию с уполномоченным органом, без их аудиторского подтверждения.».

11. Пункт 15.1. Устава Банка изложить в следующей редакции
«15.1. Если в результате изменения законодательства Республики Казахстан отдельные положения настоящего Устава вступают в противоречие с законодательством, эти положения автоматически утрачивают силу без соответствующих изменений в Устав. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, это не затрагивает остальных положений. Недействительное положение заменяется юридически допустимым и регулирующим соответствующее отношение.».

**За и от имени акционеров Банка:**

**Жусупова Нина Ароновна**

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Город Алматы, пятнадцатое июня две тысячи десятого года.

Я, Абданбеков Женисхан Мекемтасович, нотариус, действующий на основании лицензии № 0001528, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан 22.07.2003 года, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления АО «Казкоммерцбанк» гр. *Жусуповой Нины Ароновны*, действующей на основании Устава и Протокола годового общего собрания акционеров АО «Казкоммерцбанк» от 24.05.2010 года, которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшей документ установлена, дееспособность и полномочия, а также правоспособность юридического лица проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 13186

Сумма, оплаченная нотариусу 4380 тенге, из них
4239 тенге за оказание технических услуг

Нотариус

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
на 7 стр.
Нотариус